

Мектепке дейінгі ұйымдардың 2025-2026 оқу жылын оқу жылын аяқтау қорытындысы бойынша білім беру-тәрбиелеу процесіне талдауға тірек кестесі.

1. Мектепке дейінгі ұйымға жалпы сипаттама.

Ғимараттың салынған жылы - 1966 жыл;

Пайдалануға берілген жыл - 2008 жыл;

Орналасқан орны:

Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Көктау ауылы «Жұлдыз» бөбекжай - балабақшасы,
Абая көшесі 6А

Ғимараттың жалпы ауданы - 240,2

Жер учаскесінің жалпы алаңы - 303,7

Жылу жүйесі: автономды

Топ саны:

Жалпы - 2 топ . «Балапан» тобы аралас топ (ерте жас және кіші топ жастағы балалар) - 1,

«Гүлдер» аралас топ - (ортаңғы топ жастағы және ересек жастағы балалар).

Жобалық қуаттылығы 30;

Тәрбиеленушілердің контингенті - 30.

Оқыту тілі: Қазақ тілі

Ата-ана төлемінің көлемі: 1 жас – 5 жас аралығы 14 700 теңге

Кабинеттер:

2 топ бар. Қабылдау бөлмесі - 1, жатын бөлмесі

- 2; әдістемелік кабинет, медициналық кабинет, ас бөлмесі.

Қызметкерлердің саны:

Қызметкерлер саны - 17. Педагог саны - 7,

техникалық қызметкерлер - 10.

Компьютерлік техникамен жабдықтау (компьютерлік техниканың атауы, сатып алынған жылы, интернет жылдамдығы, WI - FI)

2020 жыл – 2 комплект компьютер, түрлі-түсті принтер-1 демеушілік арқылы.

2025 жылы – 1Интерактивті панель H2 65 4/32GB Android; 1- моноблок ;түрлі-түсті принтер-1 демеушілік арқылы алынды.

Интернет жылдамдығы - 10 Мбит/сек, WI-FI- 1 бар.

Мекеменің қауіпсіздігін сақтау жұмыстары:

- камералар саны, ішкі, сыртқы дабыл түймесінің қосылуы;
- санитарлық-гигиеналық жағдайда ұсталуы, өрт қауіпсіздігінің сақталуы;
- құқық қорғау ұйымдары тарапынан болған кезекті тексерістер нәтижесі; (акт нәтижесі)
- кезекті жеңіл жөндеуден өткізуге дайындығы;

Қауіпсіздіктің қамтамасыз етілуі:

Балабақшамыз 16 бейне бақылау камерасымен қамтамасыз етілген. Балабақшаның сыртқы аумағында 7 бейнебақылау камерасы, ішкі аумағында 9 камера бар. Балабақшаның дабыл түймесі 102 орталығына қосылған.

- Күрделі және ағымдағы жөндеу(соңғы үш жылға)
Күрделі жөндеу жасалынған жоқ.
- Ағымдағы жөндеу жыл сайын ұйымдастырылады

2. Тәрбиеленушілер контингенті туралы:

- Жас ерекшелігі бір қағидасы бойынша жас топтарының толықтырылуы туралы бойынша:
«Гүлдер» аралас топ (ортаңғы және ересек топ) – 2025-2026 оқу жылы бойынша «Гүлдер» аралас тобында 3 жастағы балалар саны – 8 бала, 4 жастағы балалар саны – 12 бала;
«Балапан» аралас тобы – (ерте жас және кіші топ) – 1 жастағы балалар саны-2, 2 жастағы балалар саны-8.
- Тәрбиеленушілер контингентінің қозғалысы: 2025-2026 оқу жылында МАД тобына кететін балалар саны -12 бала.
Топтарды толықтыру жасақтау бойынша – «Гүлдер» аралас тобына 4 жастағы балалар саны- 8, 3 жастағы балалар саны – 8, барлығы – 16 бала; «Балапан» тобында -2 жастағы балалар саны- 2 бала, кезектегі 2 жастағы балалар бойынша 10 бала, 4 жастағы балалар – 2 бала қабылданады деп жоспарлануда.

3. Пед кадрмен жұмыс (білімі, жасы, еңбек өтілі, сапалық құрамына талдау):

Білімі бойынша:

№	Оқу жылдары	Педагогтар саны	жоғары білімді	арнаулы орта білімі бар	магистрлер	Педагогикалық мамандығы сәйкес емес педагогтар туралы мәлімет
1	2025-2026	7	5	2	0	0

4. Педагогтердің біліктілік санатын көтеру, аттестациялау жұмыстарының ұйымдастырылуы;

- перспективалық жоспардың орындалуы;
- санаты жоқ педагогтерге талдау;

Педагогтардың біліктілік санаттары:

Педагогтердің сапалық құрамы:

Білімі бойынша:

жалпы педагогтар саны -7; Жоғары білімді – 5 педагог.

Оның ішінде мектепке дейінгі білімі бар – 6.

Біліктілігі бойынша:

«Екінші санатты басшы – 1;

«Педагог - зерттеуші» - 0;

«Педагог - сарапшы» - 2;

«Педагог - модератор» - 4;

Жас маман – 1.

Оқу жылдары	Барлық педагогтар саны	Санаты бойынша								Сапалық құрам %	
		Жоғары	I санат	II санат	Пед шебер	Пед зерттеуші	Пед сарапшы	Пед модератор	Педагог/Санаты жоқ		
									саны		%
2025-2026	6	0	0	0	0	0	2	4	1	16,66	33,33%

2025-2026 оқу жылы бойынша біліктілік санаттарын көтеру бойынша: 3 тәрбиеші – «педагог-сарапшы» санатына Каюпова А.Е., Макарова С.С., Досаналина К.Е. және тәрбиеші Юсупова А.А. – «педагог-модератор» санатына өтініш беріп, шешімін күтуде.

2027 жылға 1 педагог- «педагог-сарапшы» санатына, 2 педагог- «педагог-зерттеуші» санатына өтініш беру жоспарлануда.

Сапалық құрам 2026-2027 оқу жылында 83,33 % пайызға жоспар бар.

5. Педагогтердің біліктілік курстардан өтуі туралы;

- перспективалық жоспардың орындалуы (өткендер, өтпегендер саны);
Жоспар бойынша 2025-2026 оқу жылында музыка жетекшісі –Конысбаева К.А. - «Музыка пәнінің мазмұны арқылы ұлттық құндылықтарды интеграциялау» 80сағаттық , «Өрлеу»БАҰО АҚ филиалы Ақтөбе облысы бойынша Кәсіби даму институтынан онлайн форматында,16.02-27.02.2026 жыл өтті.

6. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының орындалуы:

- мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының орындалуы;
- вариативті білім беру бағдарламаларымен оқыту туралы;

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын тиімді іске асыру мақсатында «Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК ҚР Оқу -ағарту министрінің **30.04.2025** жылғы **№ 98** бұйрығындағы өзгерістер мен енгізулерді басшылыққа ала отырып білім беру процесіне жоспарлау енгізілді. Ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылды:

- 1) дене тәрбиесі;
- 2) сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет;
- 3) қазақ тілі;
- 4) сенсорика;
- 5) математика негіздері;
- 6) құрастыру;
- 7) қоршаған әлеммен таныстыру;
- 8) сурет салу;
- 9) мүсіндеу;
- 10) жапсыру;
- 11) музыка.

«Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК-да ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің Үлгілік қағидаларына сәйкес жас ерекшелігі жас топтарын қамтиды:

1.«Балапан» - тобында жас ерекшелігі екі түрлі 1 жастағы және 2 жастағы балалар (ерте жас тобы, кіші топ);

2.«Гүлдер» - тобында жас ерекшелігі әртүрлі 3 жастағы және 4 жастағы балалар (ортаңғы топ, ересек топ).

Топтарда тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің Үлгілік қағидаларына сәйкес жас ерекшелігі әртүрлі жас топтарының толықтырылуы: балабақшада жас ерекшелігі әртүрлі жас тәрбиеленушілердің болуына байланысты 2025 жылдың 24 маусымдағы ҚР Оқу-ағарту министрлігі «Балаларды ерте дамыту институты «РММ ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылған әдістемелік нұсқау хатты басшылыққа алып, перспективалық жоспарды Үлгілік бағдарламасы міндеттері тәрбиеленушілердің жасына сәйкес, барлық топтарда перспективалық жоспарлар құрылды. Циклограмма тәрбиеленушілердің әртүрлі әрекеттерін ұйымдастыруда тәрбиеленушілерге тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі, ұйымдастырылған күн сайынғы іс-әрекеттер, түрлі балалар әрекеттері күні тәртібіне сәйкес **циклограммада** толтырылады және іске асырылады. Сонымен қатар «Адал Азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу мақсатында топтардың циклограммасына атқарылған іс-әрекеттер толтырылып, балабақшаның жылдық жоспарына сай жүргізіледі. Педагогикалық процесті ұйымдастыру және базалық мазмұнының толықтыру мақсатында төмендегідей вариативтік бағдарламалар қолданысқа енгізілді. Педагогикалық процесті ұйымдастыру және базалық мазмұнының толықтыру мақсатында төмендегідей вариативтік бағдарламалар қолданысқа енгізілді.

1. "Қызықты математика» бұйрық 36 сағат – ересек топ құрастырушы: Каюпова А.Е. «Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК тәрбиешісі, Бағдарлама «Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ сараптау комиссия шешімімен «15» 09.2025 жыл, хаттама №1 № 580 н/қ бұйрығымен 2025 жылы бекітілді.

2025-2026 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспары 28 тамыз 2025 жылдың № 1 хаттама педагогикалық кеңесте қаралып «Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ-нің сараптау комиссиясының шешімі мен бұйрығы № 579 «15» 09.2025 жылдың негізінде бекітіліп, жүзеге асырылды.

7. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізу қорытындысына талдау;

Бастапқы мониторинг:

жалпы қатысқан бала саны – 29 бала.

жоғары деңгей: 42 %;

орташа деңгей – 37 %;

төмен деңгей -21 %.

Аралық мониторинг:

жалпы қатысқан бала саны – 30 бала.

жоғары деңгей: 40 %;

орташа деңгей – 40 %;

төмен деңгей -20 %.

Қорытынды мониторинг:

жалпы қатысқан бала саны – 30 бала.

жоғары деңгей: 47 %;

орташа деңгей – 47 %;

төмен деңгей - 6 %.

роботехника» үстел-үсті ойындары, «Табиғат бұрышы», «Кітапхана бұрышы», «Сұлулық салоны», «Аспан әлемі», «Денсаулық бұрышы», «Шиномонтаж» бұрыштары және «Тынығы бұрышы», «Зертхана» бұрышы бар. Музыкалық аспаптар бұрышы мен Денешынықтыру бұрыштары жатын бөлмелерде ұйымдастырылған. Балаларға еркін қол жетімді жерлерде орналастырылған.

<https://www.instagram.com/reel/DZHLOFxI-GP/?igsh=MTBoeGRrbG9mdTJubA==>

<https://www.instagram.com/p/DZFRcadCJHO/?igsh=MW14eWNjOXIvb2M1NQ==>

Педагогтердің аудандық, облыстық, республикалық әдістемелік семинарларға қатысымы.(қатысу күндері, семинар атауы, қатысқандар саны):

1.«Үздіктер шеруі» тақырыбында облыстық шебер- класқа қатысып, сертификатқа ие болды, музыка жетекшісі - Конысбаева К.А.

<https://www.instagram.com/p/DZF3oa6IWYu/?igsh=d2Q2NDdkaWU1MG13>

2.«Педагог біліктілігі-баланың зияткерлік дамуына бастар жол» тақырыбындағы облыстық семинарға қатысқан педагогтар саны -2, Каюпова А.Е. және Макарова С.С.

<https://www.instagram.com/p/DZFX9pCJnv/?igsh=MXg2cDJ3MGxhOHY3Ng==>

3.Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагог - психологтарына арналған "Ерте жастағы балалардың эмоцияларын тану және реттеу" облыстық семинар - практикумге қатысқаны үшін. 2026жыл "JAN ANUAL" ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ.

<https://www.instagram.com/p/DZFLDwaoFFk/?igsh=MXE0bGRuZXpqbzRkaw==>

Сонымен қатар аудандық көлемде болып жатқан барлық семинарларға 100 пайыз қатысты.

Педагогтердің аудандық, облыстық, республикалық әдістемелік семинарларда тәжірибе бөлісуі. (күндері, семинар атауы, тәжірибе бөлісу тақырыптары):

1.2025-2026 оқу жылының 07 қараша айында «Музыка пәнін оқыту процесін жобалау және жүзеге асыру» облыстық семинарда «Сиқырлы әуендер әлемі» тақырыбында өз тәжірибесімен бөлісті – музыка жетекшісі Конысбаева К.А.

<https://www.instagram.com/p/DZFOY92Ism3/?igsh=MWhrczRvb3E5dDI6Nw==>

Ата-аналарға арналған консультациялық пункттердің жұмысын ұйымдастырылуы;

Ата-аналарға арналған консультациялық пункттер:

Мектепке дейінгі тәрбие және оқытумен қамтылмаған ата-аналарға тәрбиелеу, дамыту және күту, балаларды мектепте оқуға дайындау мәселелері бойынша психологиялық - педагогикалық қолдау көрсетіліп отыр. МДҰ кезінде Үлгілік қағидаларға сәйкес ата-аналардың қажеттілігін ескере отырып, басшының бұйрығы негізінде ата-аналарға арналған консультациялық пункттер құрылды. Ата-аналарға арналған «Беске дейін үлгер» мобильді қосымшасын қолдану бойынша нұсқаулықтар арқылы кеңестер, практикалық сабақтар көруге болатындығы туралы мәліметтер берілді.

АКП құру МДҰ қызметінің үлгілік ережелерімен реттеледі және АКП қабылдау бұрышы жасақталған. АКП жұмысының басталуы туралы бұқаралық ақпарат құралдары, соның ішінде әлеуметтік желілер арқылы Instagram, МДҰ сайты арқылы ата-аналарды хабардар етеміз.

Үздік тәжірибе алмасу алаңдарында жұмыс жасау нәтижелері бойынша, «Құзыреттілік орталық» өсу нүктесі бойынша ұйымдастырылған шараларға және «ІТ-балабақша» пилоттық жобасымен Педагогтердің ІТ-құзыреттілігін жетілдіру жұмыстарын ұйымдастыру туралы, «Ерте жастан еңбекке баулу және кәсіпке баулу» пилоттық жобасымен және «Жасыл балабақша» экологиялық мәдениетті қалыптастырушы жобамен ұйымдастырылған аудандық семинарларға әдіскер және педагогтар үнемі қатысып отырды.

<https://zhuldyzkoktau.edu.kz/kz/>

<https://www.instagram.com/p/DW8uHA5CG3c/?igsh=MTI3MnZzNXowZzhyZA==>

https://www.instagram.com/p/DYwRs_nIKL5/?igsh=a2xvMDYya3N5aThu

9. Республикалық байқауларға қатысу нәтижелері:

- аудандық, облыстық, республикалық кезеңіне қатысып, нәтижесі;

1. «Ақтөбе – Дарын» өңірлік ғылыми-тәжірибелік қосымша білім беру орталығы «Үркер» зияткерлік орталығы Білімқұмар балаларға арналған Республикалық «Үркер» зияткерлік марафонының жеңімпаздары: І дәрежелі Дипломдармен - Асхат Ерәлі, Дәуренбек Азим, Қажығали Имандос, Нұрлыбай Ералы, Пансенко Алира, Давлеталинов Рустам, Ермахан Хан, Алдияров Алимхан, Завражная Грета, Маратова Жанару марапаталды. Жетекшісі- Досаналина К.Е. «Алғыс хат» иеленді.

https://www.instagram.com/p/DZE6EyNCL1_/?igsh=ZmVwOWRiYmx5Znc5

2. «Samuryq Qazaqstan» өнер-білім орталығының ұйымдастыруымен «Менің үй жануарым» тақырыбындағы онлайн қолөнер байқауға балабақшадан 10 бала қатысып, жоғары дәрежелі

дипломдармен Қожахмет Мейіржан –І орынмен, Хаблахат Әли –І орын, Дәуренбек Азим-ІІ орынмен, Панасенко Алира –І орынмен, Тлектес Батыр-ІІ орынмен, Маратов Жансен-І орынмен,Мінәйдар Мейірман –ІІ орынмен, Өтебай Төрежан-ІІ орынмен, Ермахан Хан – ІІ орынмен, Давлеталинов Рустам-І орынмен және жетекшілері «Алғыс хатпен» - Каюпова А.Е., Макарова С.С., Юсупова А.А., Досаналина К.Е., Конысбаева К.А. және Сартаева А.А.марапатталды. <https://www.instagram.com/p/DZFJFAuCFRX/?igsh=bnpxMGZlcThuZGRu>

3. «Жаңа Қазақстан» инновациялық орталығы балалармен жасөспірімдердің шығармашылығын қолдау мақсатында ұйымдастырған республикалық «Бояулар күпиясы» атты байқауға онлайн форматында қатысқан 19 бала – Оразалы Іңкәр, Кириносенко Амина, Қайратұлы Әміре, Кадиржанова Айназым, Тлектес Батыр,Махсат Алихан, Завражная Ангелина,Зарлық Амина, Асхат Ерәлі, Вал Диана, Дәуренбек Азим, Арман Ильназ, Нұрлан Нұрәділ, Мырзалы Бағлан, Өтебай Айару, Дәуренбек Айлин - І дәрежелі Дипломдарға, Завражная Грета,Жүзбай Томирис, Асхат Ерәлі ІІ дәрежелі Дипломдарға ие болды. <https://www.instagram.com/p/DZFGFvKiOMg/?igsh=MWp4djF1dmdjY3ppNw==>
4. «Адалдық дүкені» республикалық акциясының аудандықкезеңінде 3 жастағы тәрбиеленушілер арасында жүлделі ІІ орынмен «Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасы және жетекшісі-Досаналина К.Е. марапатталды. <https://www.instagram.com/p/DZE6EyNCL1/?igsh=ZmVwOWRiYmx5Znc5>
5. «Ақтөбе – Дарын» өңірлік ғылыми-тәжірибелік қосымша білім беру орталығы «Үркер» зияткерлік орталығының ұйымдастыруымен облыстық «Ғажайып әлем» шығармашылық байқауына қатысып, шығармашылық қабілеттерін жоғары дәрежеде көрсетіп, Маратов Жансен –ІІІ дәрежелі дипломмен, Сақтаев Аңсаған –І дәрежелі дипломмен, жетекшісі – Макарова С.С. марапатқа ие болды. Сақтаев Құдырет,Оразалы Іңкәр-сертификатпен және жетекшісі –Конысбаева К.А. марапатталды.Панасенко Алира-ІІІ дәрежелі дипломмен марапатталды.
6. «Өнерім саған-Қазақстан» республикалық байқаудың аудандық кезеңінде «Ән өнері» бойынша «Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасы ІІІ орын иеленіп, жетекшісі –Конысбаева К.А. –«Дипломмен» марапатталды. <https://www.instagram.com/p/DZHN0JwCD86/?igsh=MTQ3cm5sOTRzM2Jndw==>

10. Педагогтердің аудандық, облыстық, республикалық байқау-жарыстарға қатысымы, нәтижелері.

1. «Мектепке дейінгі ұйымның жыл әдіскері» Ерте дамыту институтының ұйымдастыруымен республикалық байқаудың І кезеңі аудандық бойынша әдіскер-Каюпова А.Е. І орын иеленді"Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі" ММ, ІІ кезең облыстық бойынша І орынға ие болды.

<https://www.instagram.com/p/DZHNDTKCB3A/?igsh=NGYxZHc2bXVqbH11>

https://www.instagram.com/p/DRVHSDYiCpP/?img_index=2&igsh=MWViNGF5anp3cHhteQ==

2.«Ақтөбе –Дарын» өңірлік ғылыми –тәжірибелік қосымша білім беру орталығының ұйымдастыруымен Педагогтарға арналған академиялық жарыстарға қатысып жоғары дәрежелі дипломдарға педагогтар ие болды. І дәрежелі дипломмен – Нугманова З.Б. және Сартаева А.А. ІІ дәрежелі дипломдарды – Каюпова А.Е. Конысбаева К.А. Юсупова А.А. Макарова С.С. және Досаналина К.Е. иеленді.

<https://www.instagram.com/p/DZHN4X6CGan/?igsh=cGJmdHhweHNld3o3>

3. «Педагогикалық идеялар панорамасы» республикалық байқауының аймақтық кезеңіне қатысып, Каюпова А.Е.- сертификатқа ие болды.

<https://www.instagram.com/p/DZE87-DIUx8/?igsh=MTFubHZzb2l6bXNvbw==>

4."JAN ANUAL" психологиялық қолдау орталығының жоспарына сәйкес "Ең үздік тренинг" байқауының аудандық кезеңінде жүлделі ІІІ- орын ие болғаны үшін – педагог-психолог Сартаева А.А..2025ж. "Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі" ММ марапатталды. <https://www.instagram.com/p/DZFJuSyIk6M/?igsh=MW53ODVnNnR6c2t5aA==>

5. "Адал азамат" біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында "АРДАҚТЫ ӘКЕЛЕР, АСЫЛ ӘЖЕЛЕР, АЯУЛЫ АНАЛАР" облыстық байқауында Макарова С.С.- І орынмен ІІІ орынмен – Каюпова

А.Е., Досаналина К.Е. – «Дипломмен», Юсупова А.А.- «Дипломмен», Конысбаева К.А.- Сертификатпен және белсенділік танытқаны үшін «Алғыс хатпен» – Сартаева А.А.марапатталды. <https://www.instagram.com/p/DRTw1F-CPYC/?igsh=YTY5bWNhN2czcmZp>

6. «Ақтөбе-Дарын» өңірлік ғылыми-тәжірибелік қосымша білім беру орталығының ұйымдастыруымен облыстық «Үздік эссе» байқауына -Досаналина К.Е. қатысып, Грамота иеленді. <https://www.instagram.com/p/DZHQmzHoVAC/?igsh=YmY3djZrbzc4ODIw>

7.«Ақтөбе-Дарын» өңірлік ғылыми-тәжірибелік қосымша білім беру орталығының ұйымдастыруымен облыстық «Адалдыққа бір қадам» атты облыстық эссе байқауына қатысқан педагогтар: Макарова С.С.- II дәрежелі дипломмен, Каюпова А.Е., Нугманова З.Б. және Юсупова А.А.-сертификаттарға ие болды.
<https://www.instagram.com/p/DZFBogsiNPW/?igsh=MXViNTM4cjR6bHZuYg==>

11. Педагогтердің басылымдық қызметі, әдістемелік құралдар шығаруы.

1.«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалы «Ақтөбе облысы бойынша кәсіби даму институты» оқу-әдістемелік орталығында 2026 жылдың 06 қазан айында Досаналина К.Е.-ның «Балабақшада жаңа инновациялық технологиялар мен әдістерді қолдану» және Макарова С.С.-ның «Мектеп жасына дейінгі оқыту әрекетін дамыту әдістемесі» тақырыбы бойынша әдістемелік құралдары басылып шықты.

<https://www.instagram.com/p/DZFEiM3iJoZ/?igsh=MW1ienZ3dW51aDlhZw==>

2.«Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы «Білім келешегі –Адал азамат, кәсіби маман» педагогтардың тамыз конференциясына материалдар жариялаған педагогтар: Нугманова З.Б.- «Балалар кітапханасы білім мен тәрбиенің алтын қазынасы» («Адал азамат»- біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында «Балалар кітапханасы» жобасы бойынша), Каюпова А.Е.- «Баланы еңбекке тәрбиелеу –Адал азамат қалыптастырудың негізі» («Адал азамат»- біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында «Еңбегі адал жас өрен» жобасы бойынша), Юсупова А.А. – «Өнер мен мәдениет арқылы баланы рухани адамгершілікке тәрбиелеу» («Адал азамат» - Шабыт жобасы бойынша), және Макарова С.С. – «Қамқорлық –мейіріммен ізгілік бастауы» («Адал азамат»- біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында «Қамқор» жобасы бойынша), Досаналина К.Е. – «Бала тәрбиесі – тал бесіктен басталады» тақырыбында материалдар жариялымға шықты.

<https://www.instagram.com/p/DZFBK3bIwrT/?igsh=MTZ5ZDVmaWVkMzhxdA==>

13. Тәрбие жұмысының ұйымдастырылуы (жарияланым ссылқаларымен):

жобаларға қатысым, нәтижелері, ссылқасы;

1. <https://www.instagram.com/reel/DWysa6hiEua/?igsh=MXN5bGNvcXlwNDBwNg==>

2. <https://www.instagram.com/reel/DYRMFUtlphE/?igsh=MWdxdTZoZm5mNXo5MA==>

- ата-анамен бірлескен жұмыстар, жарияланым ссылқасы;

<https://www.instagram.com/reel/DZFX6oMIgn4/?igsh=eWxmcGluY2RkMnUy>

<https://www.instagram.com/reel/DYT2yQ7o-NU/?igsh=MW5uaWZvMHg0YWtjeg==>

аналар, әкелер, әжелер мектебі жұмысы, ссылқасы;

<https://www.instagram.com/reel/DZCOt2VoodQ/?igsh=dmdha2pleWgwdm83>

<https://www.instagram.com/reel/DRUSFChCBvH/?igsh=cDk0OW96NtIrnXNi>

<https://www.instagram.com/reel/DYSLoFrILtO/?igsh=aTh1bm9mMnFvbzE1>

14. Психологиялық қызмет жұмысының талдамасы.

Педагог-психолог –Сартаева Айман Алдабергеновна

2025-2026 жылына алдыма қойған мақсатым:

Мақсаты: Балабақшаның балаларының психологиялық саулығын сақтау және нығайту, толыққанды және үйлесімді дамуына жағдай жасау.

Міндеттері:

1. Балалардың балабақшаға қолайлы бейімделуін қамтамасыз ету;

2. Балаларға, ата - аналарға, педагогтерге уақытылы психологиялық, консультативтік,

диагностикалық, дамытушылық көмек беру;

3. Педагогтар мен ата-аналардың психологиялық мәдениет деңгейін артты.

4. Ата-аналар мен педагогтар арасында оңтайлы өзара қарым қатынас жасауға ықпал ету;

5. Ұжымда жағымды психологиялық ахуал орнату.

Педагог-психолог қызметінің негізгі бағыттары :

-Психологиялық-педагогикалық ағарту;

-психо-диагностикалық;

-кеңес беру;

-түзету-дамытушылық;

Барлық бағыттар бойынша жұмыс топтық және жеке форматтарда жүргізіледі.

2025-2026 оқу жылының **қыркүйек** айына айлық жоспар жасалынды. Жоспар бойынша қыркүйектің 2-нен бастап топтарды аралап, балалардың алғашқы балабақшаға келген көңіл күйлерін анықтау мақсатында бақылау жүргізілді. Жаңадан келген балаларға бейімделу картасы толтырылды. Кіші топ , Ортаңғы тобы және Ересек тобы «Жануар сияқты жүр», «Көңіл-күйіміз қандай?», «Атым қалай аталады?» ойыны, «Кім кетіп қалды?», «Көп және аз», «Араға көмектес» тақырыптарында психодиагностика жұмыстары жүргізілді. Ата-аналарға ағартушылық бағытта «Баланың балабақшаға бейімделуі» тақырыбында тренинг жүргізілді. Педагогтарға «Баланың балабақшаға бейімделуі» тақырыбында кеңес берілді. Ортаңғы топ ата-аналарымен «Үш жастағы дағдарыс. Бұл не?» тақырыбында кеңес жүргізілді.

2025-2026 оқу жылының **қазан** айына айлық жоспар жасалынды. Жоспар бойынша Кіші топ, Ортаңғы тобы, Ересек топтарына «10 зат», «Өмірде жоқ жануар», «Кім кетті?», «Суретте не бейнеленген», «Екі үй», «Я.Н.Кушнирдің экспресс-диагностикасы» «Баланың танымдық процестерінің дамуын диагностикалау» тақырыптарында психодиагностика жұмыстары жүргізілді. Ата-аналарға психологиялық ағарту бағытында «Бала өміріндегі ертегінің рөлі», «Қорқыныш дегеніміз не?» тақырыбында тренинг жүргізілді. «Отбасылық ахуалдың бала өміріне әсері» тақырыбында сауалнама алынды. Психологиялық-педагогикалық ағарту бағыты бойынша «Баланың теледидарға тәуелділігі» тақырыбында педагогтарға тренинг жүргізілді.

2025-20256 оқу жылының **қараша** айына айлық жоспар жасалынды. Жоспар бойынша қарашаның 3-нен бастап ересек және ортаңғы топта «Паравоз», «Отбасы суреті», «Баспалдақ» психодиагностика жұмыстары жүргізілді. Психологиялық ағарту бағыты бойынша кіші топ , Ортаңғы тобы, Ересек топтарына «Табиғат аясында саяхатта» сергіту сәті, «Атын атап, бояп шық», «Біз тамшымыз» тақырыптарында балаларға тренинг ойындар жүргізілді. «Ертегі терапиясы», «Ертегі тыңдау», «Ертегі терапиясы», «Ертегі тыңдау» тақырыптарында Ортаңғы тобы, Ересек топпен түзету-дамытушылық жұмыстар жүргізілді. Педагогтардан «Мотивация және рух» тақырыбында тренинг жүргізілді.

2025-2026 оқу жылының **желтоқсан** айына айлық жоспар жасалынды. Жоспар бойынша желтоқсанның 1-інен бастап Психологиялық ағарту бағыты бойынша Кіші топта Доп» ойыны, «Менің есімімді ата» тақырыптарында балаларға тренинг ойындар жүргізілді. Ересек тобына «Үй – ағаш - адам» , «Сөйлемді аяқта», «Бірдей суретті тап» тақырыптарында психодиагностика жұмыстары жүргізілді. Психологиялық ағарту бағытта педагогтарға «Эмоционалды күйреуді алдын алу бойынша» тренинг жүргізілді. Ата-аналарға психологиялық ағарту бағытында «Агрессия дегеніміз не және ол қайдан шығады?» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. «Сандар», «Сиқырлы әлемге саяхат», «Баумен ойын», «Күн» тақырыптарында Кіші топ, Ортаңғы тобы, Ересек тобында түзету - дамыту бағытында жұмыстар жүргізілді.

2025-2026 оқу жылының **қаңтар** айына айлық жоспар жасалынды. Жоспар бойынша қаңтардың 5-інен бастап ересек топта «Отбасы суреті», «Жануарлар отбасы» тақырыбында психодиагностика жұмыстары жүргізілді. Психологиялық ағарту бағыты бойынша ересек тобына «Достық» тақырыбында балаларға тренинг ойындар жүргізілді. Ортаңғы топ және Ересек топтарына «Балалардың тұлғалық ерекшеліктері барбалалармен сабақтар», «Менің достарым», «Картина» тақырыптарында түзету дамытушылық жұмыстары жүргізілді. Педагогтардан

«Гипербелсенділік синдромы» тақырыбында семинар-практикум өткізілді. Психологиялық ағарту бағыты бойынша ата-аналармен «Балабақшада баланың эмоционалдық әл-ауқаты» тақырыбында дөңгелек үстел, «Байланыс» коммуникативтік тренинг өтті. 2025-2026 оқу жылының **ақпан** айына айлық жоспар жасалынды. Жоспар бойынша ақпанның 2-сінен бастап Ортаңғы тобында «Төртіншісі артық», ересек топта «Салыстыр» тақырыптарында психодиагностика жұмыстары жүргізілді. Психологиялық ағарту бағыты бойынша Ортаңғы тобы, Ересек топтарына «Бип» ойыны, «Турнир», «Ертегі терапиясы», «Ертегі оқу», «Жаңа ертегі», «Туған күн» тақырыбында балаларға тренинг ойындар жүргізілді. Кіші топ, Ортаңғы тобы, Ересек топтарына «Ертегі терапиясы», «Ертегі ойлап тап», «Өз үйінді тап» тақырыптарында түзету- дамытушылық жұмыстары жүргізілді. Педагогтарға «Педагогикалық қарым-қатынас стилі» сауалнамасы, «Психогимнастика мектеп жасына дейінгі балалардың эмоционалдық денсаулығын нығайту құралы ретінде» тақырыбында ағарту жұмыстары жүргізілді. Ата-аналармен «Балалардың психикалық денсаулығын қалай сақтауға болады?», «Жазалау мен мадақтау», «Темперамент дегеніміз не?», «Бала неге өтірік айтады?», «Солақай балалар» деген тақырыптардәтренингтер жүргізілді.

2025-2026 оқу жылының **наурыз** айына айлық жоспар жасалынды. Жоспар бойынша наурыздың 2-сінен бастап Педагогтарға «Эмоционалды күйзеліс деңгейі» тақырыбында психодиагностика жүргізілді. «Құм терапиясы», «Көбелек», «Мектепке жол» тақырыбында түзету - дамытушылық бағытта ортаңғы, ересек топтарына жұмыстар жүргізілді. Психологиялық ағарту бағыты бойынша Ересек тобында «Жоғалған ойыншықты тап» ойыны, «Суреттерді аяқтайық», «Түрлі түсті доптар», ортаңғы топ «Түймелер», тақырыбында балаларға тренинг ойындар жүргізілді. Психодиагностика бағыты бойынша ортаңғы топ ата-аналарымен «Қамқорлық шарасы», ересек топ ата-аналарына «Қорқыныш дегеніміз не?» тақырыбында кеңес, «Баланы қалай дамытамыз?» тақырыбында психологиялық ағарту жұмыстары жүргізілді.

2025-2026 оқу жылының **сәуір** айына айлық жоспар жасалынды. Жоспар бойынша сәуірдің 1-нен бастап Ересек тобы, Ортаңғы тобы, Кіші жас тобы осы аталған топтарға психологиялық ағарту бағыты бойынша «Шөлдеу», «Достық неге қымбат?» тақырыптарында жұмыстар жүргізілді. Психодиагностикадан Ересек тобына «Бұл қай кезде болады?», «Үлкен және кіші», «Ауызша вoleyбол», «Барлығы қанша?» тақырыптарында диагностикалық жұмыс жүргізілді. Педагогтармен «Отбасылық зорлық - зомбылық» тақырыбында, ата-аналарға «Сіздің балаңыз мектепке дайын ба?» тақырыбында психодиагностика жүргізілді. Кіші топ ата-аналарына «Ерке бала» тақырыбында, ересек топ ата-аналарына «Мектепке дайын» тақырыбында психологиялық ағарту жұмысы жүргізілді. Ересек топ пен Ортаңғы топтарға «Жыл мезгілдері», «Суреттер бойынша сұрақтар», тақырыптарында балаларға ой-өрісті дамытуға арналған ойындар жүргізілді.

2025-2026 оқу жылының **мамыр** айына айлық жоспар жасалынды. Жоспар бойынша мамырдың 4-інен бастап Ортаңғы тобы, Ересек тобы, Кіші топтарына Түзету-дамытушылықтан «Құмды жауын», «Құмды жел», «Ерекше іздер» тақырыптарында жұмыстар жүргізілді. Психодиагностикадан Ересек тобы, Кіші топтарына «Мектепке баратын балалардан сауалнама» және «Ойыншықтар» тақырыптарында жұмыс жүргізілді. Психологиялық-педагогикалық ағарту бағыты бойынша «Ұлу», «Поезд», «Әрқашан күн сөнбесін» тақырыптарында балаларға тренинг жүргізілді. Педагогтармен психодиагностика бағытында ««Ұжымдағы психологиялық ахуал» сауалнамасы жүргізілді. Педагогтармен «Психоэмоционалды күйзелісті жеңілдету» тақырыбында ағарту жұмысы жүргізілді.

https://www.instagram.com/p/DZFPJl8CDRI/?img_index=3&igsh=MXBvNHBzODYzZ2Yybw==

https://www.instagram.com/p/DYwRs_nIKL5/?igsh=a2xvMDYya3N5aThu

Барлық жүргізілген жұмыстарға анықтама, хаттама қорытындысы шығарылды.

15. Инклюзивтік білім беру барысында психологиялық жұмыстар талдауы;

2025–2026 оқу жылында балабақшада инклюзивті білім беруді дамыту мақсатында ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілерге қолайлы орта қалыптастыру, олардың танымдық, коммуникативтік және әлеуметтік дағдыларын дамыту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілді. Жұмыстың негізгі мақсаты – әр баланың жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, сапалы білім мен тәрбие алуына жағдай жасау.

МКҚК «Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасының 2025-2026 оқу жылында

ЕРЕКШЕ БІЛІМДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН БАЛА саны - 3.

Асхат Ерәлі Ержанұлы

Диагнозы: ПМПК қорытындысы бойынша Ерекше білім беру қажеттіліктері бар бала.

Психикалық дамудың кешігуі. I деңгейдегі ОНР. Мінез-құлықтың қиындықтары.

(Ребенок с особыми образовательными потребностями. Задержка психического развития. ОНР I уровня. Трудности поведения)

Бақтыбай Әміре Тұрарұлы

Диагнозы: ПМПК қорытындысы бойынша

Ерекше білім беру қажеттілігі бар бала. III деңгейдегі жалпы сөйлеудің дамымауы.

(Ребенок с особыми образовательными потребностями. ОНР III уровня.)

Қыдырбай Зейін Азаматұлы

Диагнозы: ПМПК қорытындысы бойынша

Ерекше білім беру қажеттілігі бар бала. Сөйлеудің кешігуі (Задержка речевого развития)

Жыл бойы атқарылған жұмыстар

I тоқсан

- Тәрбиеленушілердің даму ерекшеліктеріне мониторинг жүргізілді;
- Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың тізімі нақтыланды;
- Жеке даму бағдарламасы жасалды;
- Ата-аналармен таныстыру және түсіндіру жұмыстары жүргізілді;
- Психолог және тәрбиешілердің бірлескен жұмыс жоспары құрылды.

II тоқсан

- Балалардың сөйлеу, танымдық және ұсақ моторикасын дамытуға бағытталған сабақтар өткізілді;
- Топтық және жеке түзету жұмыстары ұйымдастырылды;
- Инклюзивті орта қалыптастыру мақсатында ойындар мен тренингтер өткізілді;
- Ата-аналарға кеңес беру жұмыстары жалғастырылды

III тоқсан

- Балалардың әлеуметтік бейімделу деңгейіне бақылау жүргізілді;
- Мерекелік іс-шараларға барлық тәрбиеленушілердің қатысуы қамтамасыз етілді;
- Дамытушы орталықтар мен көрнекіліктер жаңартылды;
- Мамандар тарапынан түзету-дамыту сабақтары жалғастырылды.

IV тоқсан

- Балалардың жылдық даму көрсеткіштеріне талдау жасалды;
- Ата-аналармен қорытынды кездесулер өткізілді;
- Жеке даму карталарының нәтижелері сараланды;
- Келесі оқу жылына ұсыныстар мен жоспарлар әзірленді.

Жетістіктер:

Оқу жылының қорытындысы бойынша:

- Балалардың қарым-қатынас жасау дағдылары жақсарды;
- Сөйлеу тілінің дамуында оң өзгерістер байқалды;
- Танымдық белсенділік деңгейі артты;
- Өздігінен әрекет ету және өзін-өзі күту дағдылары қалыптасты;
- Құрдастарымен қарым-қатынас жасауға қызығушылықтары артты;
- Ата-аналардың педагогикалық мәдениеті мен ынтымақтастығы нығайды.

Қиындықтар:

- Жұмыс барысында келесі мәселелер кездесті:
- Кейбір балалардың бейімделу кезеңінің ұзақ болуы;
- Арнайы түзету құралдарының жеткіліксіздігі;
- Кейбір ата-аналардың инклюзивті білім беру туралы ақпараттарының аз болуы.

Қорытынды:

2025–2026 оқу жылында инклюзивті білім беру бағытында жоспарланған жұмыстар толық көлемде жүзеге асырылды. Жүргізілген жұмыстар ерекше білім беру қажеттіліктері

бар тәрбиеленушілердің дамуына, әлеуметтенуіне және білім беру процесіне белсенді қатысуына оң ықпал етті. Алдағы оқу жылында инклюзивті білім беру сапасын арттыру, мамандармен өзара байланысты нығайту және ата-аналармен серіктестікті жалғастыру жоспарлануда.

16. Медициналық қызмет жұмысының талдамасы. (ауру түрлері, ағартушылық жұмысы, екпе туралы).

Балалардың аурушандығы бойынша мәлімет:

2025–2026 оқу жылында тіркелген аурулар:

Айлар	Анықтама саны мен диагнозды	Қалған күндер анықтама бойынша
Қыркүйек	11 (ОРЗ-11)	68
Қазан	22 (Құлақ ауруы4, ОРЗ18)	133
Қараша	15 (ОРЗ-1)	89
Желтоқсан	15 (ОРЗ-1, ЖКТ-1)	61
Қаңтар	16 (ОРЗ-16)	94
Ақпан	9 (ОРЗ-9)	72
Наурыз	8 (ОРЗ-8)	69
Сәуір	19 (ОРЗ -19)	91
Мамыр	5 (J06.8)	22

Ескерту: Бронхитпен ауырған бала тіркелмеген.

Жыл ішінде жиі кездескен ауру — **ЖРВИ**, ол барлық тіркелген жағдайлардың ішіндегі ең жоғарғы көрсеткішке ие (44%).

Вакцинация жұмыстары:

Балаларды профилактикалық егу жұмыстары жоспарға сәйкес жүргізілді. Вакцинация алдында балалар медициналық тексеруден өткізілді. 2025 жылдың қыркүйек айында 2 жаспен 4 жас аралығында 20 балаға манти сынамасы салынды. Барлығы теріс нәтежелі болды. 2026 жылдың мамыр айында 2 жас пен 4 жас аралығындағы 10 балаға манти сынамасы салынды. Барлығы теріс нәтежелі болды. 2 жастағы 4 балаға ВГА екпесі салынды. Егуден кейінгі жағдайлар бақылауға алынып, ата-аналарға түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Вакцинация туралы мәліметтер тиісті құжаттарға уақытылы тіркелді. Екпеден бас тартқан балалар жоқ.

Ағартушылық жұмыстар: Қызметкерлердің медициналық тексеруден уақытылы өтуі бақыланды. Асхана қызметкерлері күнделікті сырттай қараудан өткізілді.

Қызметкерлерге:

- жеке бас гигиенасы;
- жұқпалы аурулардың алдын алу;
- санитариялық талаптарды сақтау;
- тағам қауіпсіздігі;
- дезинфекция жүргізу тәртібі бойынша нұсқаулықтар берілді

Ата-аналармен жұмыс

Ата-аналармен санитариялық-ағарту бағытында жұмыстар жүргізілді.

Атап айтқанда:

- дұрыс тамақтану;
- жұқпалы аурулардың алдын алу;
- вакцинация;
- жеке бас гигиенасы;
- балалардың күн тәртібі;
- дәрумендердің маңызы туралы кеңестер берілді.

Ақпараттық бұрыштар жаңартылып, жадынамалар таратылды.

КЕЛЕСІ ЖЫЛҒА ҚОЙЫЛАТЫН МІНДЕТТЕР

1. Балалардың денсаулығын нығайту жұмыстарын жалғастыру.
2. Жұқпалы аурулардың алдын алу шараларын күшейту.
3. Санитариялық-гигиеналық талаптардың орындалуын тұрақты бақылау.